



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

«Социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы».

Сборник материалов X- Международной научно-практической конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жанғыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

УДК 342.8

*Болысбек М.Ә.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
саясаттану мамандығының PhD докторанты,
m.bolysbekov@mail.ru
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ ЭЛЕКТОРАЛДЫ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Annotation

The article reviews the factors affecting electoral behavior, gives an idea of the complexity and complexity of the motivational model of the electoral choice of young people. In the course of political socialization there is an assimilation of values, norms and behavioral patterns in the sphere of politics. It also considers the process of socialization as the reproduction of tradition, and the implementation of new trends. The daily practice of social communication and information technologies create new situations for young people, corresponding to changes in economic and political relations.

keywords: electoral activity, youth policy, political culture, political socialization, election campaign, information technology, democratization, potential resource

Жастар - қоғамымыздың қозғаушы күші, ең белсенді бөлігі, еліміздің ертеңгі жарқын болашағының кепілі. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 2019 жыл - Жастар жылы деп жарияланды. Мемлекет саясатының басымдықтарының бірі – жастар саясаты екені анық. Қазақстанның болашағы және оның дамыған, алдыңғы қатарлы, озық отыз елдің қатарына қосылуы ел жастарының білім әлеуеті мен құндылықтарына, ұмтылыстары мен мінез-құлқына, саяси белсенділігіне тікелей байланысты.

Қазіргі қазақстан қоғамының саяси-әлеуметтік жаңғыруы жағдайында азаматтардың сайлау мінез-құлқы қоғамдық өмірді тұрақтандыру, саяси консенсусқа қол жеткізу құралы болып табылады. Реформалар жылдарында Қазақстан демократиялық сайлауларды өткізуде айтарлықтай тәжірибе жинақтады, азаматтардың сайлауға деген көзқарасын бірте-бірте қалыптастыру мен бірнеше сайлау кезеңінде сайлау мінез-құлық үлгілерін жаңғырту байқалады. Бұл ретте жастардың электоралды белсенділігінің заңдылықтары мен факторларын зерттеу қазақстандық қоғамның тұрақты дамуы үшін де ерекше маңызға ие.

Жастар елдің қоғамдық-саяси өміріне, саяси жүйенің дамуы мен қоғамның демократиялануына қатты ықпал етіп, азаматтық қоғамның дамуы мен саяси үрдістердің ерекшеліктерін анықтайды [1].

Жастар - қоғамның құрылымында бірегей қасиеттері, өзіндік ерекшеліктері - жасы, рухани әлемі, мүдделері, әлеуметтік құндылықтары, ұмтылыстары, іс-әрекеттері, мінез-құлықтары және т.б. бар белсенді қатысушысы, әлеуметтік қатынастар және оны қалыптастырудың белгілі бір кезеңінде әлеуметтік ықпал етудің нысаны немесе субъектісі болып табылатын әлеуметтік-демографиялық топ.

Адамның әлеуметтік есею үдерісінде саясаттың субъектісі ретінде жеке тұлғаның қалыптасуы орын алады. Бұл жастық шақтағы ең белсенді үдеріс болып табылады. Саяси көзқарастарға ие болып, белгілі бір идеялар мен құндылықтарды қабылдайды және оларды саяси өмірге енгізу арқылы іс жүзінде жүзеге асырады. Саяси әлеуметтену процесінде жас азаматтарды қазіргі саяси жүйеге бейімделуіне қол жеткізеді, бұл оның тұрақтылығы үшін маңызды шарттардың бірі болып табылады. Нәтижесінде, белгілі бір биліктің легитимділік деңгейін қолдайды және саяси бағытта жүзеге асырылатын шекарасы белгіленеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, жастар деп он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтарды, яғни мүдделерін жүзеге асыруды қалайтын азаматтардың әлеуметтік белсенді бөлігін айтамыз [2].

Саяси институттардың, сонымен қатар саяси жүйенің демократиялық даму бағытында трансформациялануы Қазақстан қоғамы алдында сайлаушылардың мінез-құлқын зерттеу мәселесін қойып отыр. Өйткені, демократияландыру үдерісі жағдайында әрбір сайлау қоғамды одан әрі дамытудың бірден-бір жолы болуы мүмкін. Сондықтан да сайлаушылардың мінез-құлқына әсер етуші факторларды зерттеу бүгінгі күні теориялық қана емес, практикалық маңызға ие [3].

Саяси сананың құрылымында саяси пікірлер мен әлеуметтік құндылықтар жүйесі орын алады.

Саяси таңдаудың және жаппай көңіл-күйдің әлеуметтік-мәдени детерминанттары бір-бірімен байланысты. Бұқаралық көңіл-күйлер саяси мәдениет аясында бар және осы мағынада оған беріледі. Сонымен бірге саяси мәдениет негізі іс жүзінде қоғамдық көңіл-күй мен қысқа мерзімді сайлау ұстанымдары арқылы көрініс табады. Саяси мәдениет - қоғамның саяси өмірін жаңғыртудың бір түрі. Саяси мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа көшіру механизмі саяси әлеуметтену үдерісі болып табылады. Көптеген жылдар бойы әлеуметтену ересек жастағы адамның қоғам ұсынған және қолдайтын әлеуметтік және кәсіби сипаттамаларына сәйкес түсіндірілді. Өз кезегінде, қоғам өз нормаларын қабылдайтын және өмірлік маңызды және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруды табысты жүзеге асыратын адамдарға кепілдік береді.

Саяси әлеуметтену ерте балалық кезеңде басталады және адамның мінез-құлық, мораль нормалары және т.б. көрсеткен ұлттық мәдениеттің негізгі құндылықтарын меңгеруді қамтиды. Кейінірек балалық және жастар топтарына түсіп, мектепке және басқа әлеуметтік мекемелерге барады, онда әлеуметтік күтілетін мінез-құлық үлгісіне сәйкес бастапқы әлеуметтену нәтижесінде алынған көзқарастарын түзетеді. Саяси әлеуметтену барысында саясат саласындағы құндылықтарды, нормаларды және мінез-құлық үлгілерін игере бастайды.

Жастардың саясилануының феноменін зерттеу ҚР мемлекеттік жастар саясаты ұзақ мерзімді стратегиясының негізінде жас ұрпақтың қоғамдық және саяси мүмкіндіктерін дамыту үрдісінің толық жүйесін қалыптастыру қажеттілігінен туындап отыр [4].

Мемлекетте жастардың саяси үдерістерге ілесуі немесе одан қалып қоюы көп жағдайда елдегі жалпы саяси ахуалдың жай-күйін айқындап отырады. Демократияның негізгі белгісі еркін сайлау болып есептеледі және осы сайлауға қатысудың деңгейі елдегі саяси өмірге азаматтардың қаншалықты дәрежеде араласатынын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге халықтың билікке деген көзқарасының, әрі оған деген сенімінің қандай дәрежеде екендігін көрсетеді. Электоралдық мінез-құлық саяси үдеріс барысын өзгертіп, саяси тұлғалардың түбегейлі ауыс-түйісін жасай алатын, азаматтық қоғамның мемлекеттік тетікке, яғни билік тармақтарына ықпалы күшті, аса тиімді құралдарының бірі болып саналады.

Электоралды мәдениеттен демократия институтын бөліп қарастыру мүмкін емес. Өйткені демократиялық электоралды мәдениеттің қалыптасып дамуы қоғамның демократияландыру үдерісіне тәуелді [5].

Біз өзіміздің жастарымызды қоғамның стратегиялық ресурсы, еліміздің болашағы, бүкіл өзгерістердің қозғаушысы ретінде, сондай-ақ қоғамдағы өз орнын табуға, өз-өзін жан-жақты дамытып, еліміздің дамуына өзінің үлесін қосуға ұмтылған бағалы қазынамыз ретінде қарастыруға тиіспіз. Сол себепті, жастарды қазақстандық қоғамның күрделі саяси, әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге белсенді түрде тарту аса маңызды міндет болып есептеледі.

Жастардың саяси және әлеуметтік өмірге атсалысуға құлықсыздық танытуы – қазіргі қазақстандық қоғамның алдында тұрған күрмеуі қиын мәселелердің бірі. Қазақстанда

өткізілген соңғы сайлаулар науқаны барысында бірде-бір саяси партия жастардың электоралдық әлеуетін айтарлықтай пайдалана алған жоқ. Дегенмен, болашақта өтетін сайлау науқандары кезінде сайлаушылардың дәл осы бөлігі аса маңызды рөл атқармақ. Объективті және субъективті себептерге байланысты жастар көп жағдайда сайлауға қатысуға үлкен құлшыныс танытпайды. Осы ретте қазіргі жастарға саяси сауаттылық пен саяси мәдениет жетіспейді деп айтуға болады. Аталған әлеуметтік топтың басым көпшілігі өзінің сайлау құқығын дұрыс пайдаланбайды, ал пайдаланған күннің өзінде де жеткілікті дәрежеде пайдаланып жатыр деп айтуға келмейді. Бұл, өз кезегінде, саяси нигилизм деңгейінің жастар арасында айтарлықтай артуына алып келуі мүмкін.

Сондықтан болашақта қазіргі саяси белсенді күштердің орнын басатын осы жастар қандай құндылықтарды сіңіріп, қандай саяси бағдар мен көзқарасты ұстанып келеді деген мәселе мемлекеттік тұрғыдан да, стратегиялық тұрғыдан да аса маңызды. Осыған байланысты, жастардың электоралдық белсенділігін оятып, олардың сайлау әлеуетін бүкіл қоғамның игілігіне бұру үшін, сондай-ақ сол жастардың мүддесін іске асыру үшін ауқымды жұмыстар атқару қажет. Жастардың сайлауға белсене атсалысуына жағдай жасау – мемлекеттік басқарудың жастарды саяси-әлеуметтік үдеріске интеграциялауға бағытталған стратегиялық маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Сонымен, электораттың бір бөлшегі ретінде жастармен жұмыс істеу жөніндегі әдістерді жетілдірудің, саясаттың субъектісі ретінде жастардың сайлау үдерісіне тигізетін ықпалын зерделеудің маңыздылығына қатысты бірқатар мәселелерді ғана атап өткен жөн.

Жалпы сарапшылар жастардың электоралды белсенділігіне байланысты саяси мінез-құлқына әсер етуде сайлауға қатысуының екі түрлі факторын көрсетеді:

1. Прагматикалық дәлелдемелер - өз жағдайларын қоғамдық институттарға әсер ете отырып жақсарту. 2. Идеологиялық – мемлекет саясатына бағыт-бағдар ұстану [6].

Жастардың электоралды белсенділігі бірінші кезекте құқықтық санасына бағытталуы керек. Бұл олардың құқықтық мәдениетін көтереді. Екінші кезекте дұрыс ақпарат алуына жағдай жасау қажет. Сайлау алдында ақпараттар ағыны келіп түседі, бұл сайлау жүйесі туралы білмейтін жастарға үлкен қиындықтар туғызады. Сондықтан оны жүйелендіру керек және ол үшін үнемі ағарту жұмыстарын жүргізу керек. Ол үшін, саяси жүйе, сайлау жүйесі туралы мемлекеттік мекемелер, оқу орындары, жастар ұйымдары, сайлау комиссиялары т.б. тарапынан алуан түрлі іс-шаралар кешенін үнемі өткізіп тұруы қажет. Сондықтан мемлекеттік құрылым, сайлаулар, саяси жүйені талқылайтын және сайлаушымен манипуляциялау әдістері, «қара пиар» түрлері және тағы басқа мәселелерді талқылайтын арнаулы жастарға арналған жобалар көбейту қажет. Тіптен жоғарғы оқу орындарында таңдау пәні ретінде сайлау құқығы пәнін енгізсе де артықтық етпейді.

Электоралды белсенділікті зерттеудің маңызы сайлау нәтижесі елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени-демографиялық үдерістердің, мемлекеттің саясатына халықтың жауап беруінің көрінісі болып табылады. Сайлаулар - азаматтардың саяси шешім қабылдауға қатысуында мемлекеттің ұстанған саясаты мен саяси элитаға деген қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан электоралды белсенділік саяси үдерістің барлық субъектілеріне қызығушылық тудырады.

Өкілетті органдардың пропорционалды сайлау жүйесіне бірте-бірте көшу саяси үдерісте партиялардың мәнін айтарлықтай арттырады және дауыс беру үшін күресу қабілетін кеңейтеді, бұл өз кезегінде сайлауалды бағдарламаларды әзірлеу және сайлау науқандарын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру үшін азаматтардың электоралды мінез-құлқы үрдістері мен заңдылықтарының маңыздылығын анықтайды. Әлеуетті электоратпен жұмыс істеудің стратегиясын және тактикасын анықтау, сайлаудың нәтижелерін болжау биліктің өкілетті органдары мен жеке үміткерлер үшін өте маңызды.

Сайлаулар мен электоралды белсенділікті зерттеудің нәтижелері тек мүдделі саяси күштерге ғана емес, сондай-ақ, мемлекеттік және жергілікті билік органдары мен сайлау заңнамасын жетілдіру бойынша жұмыс істейтін заң шығарушылар үшін де, әлеуметтік-

экономикалық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруда, сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді жетілдіруге арналған жергілікті билік пен сайлау комиссиялары үшін де құнды ақпараттық-аналитикалық ресурс болып табылады.

Қазіргі заманғы жастар Қазақстанның негізгі өркениеттік құндылықтарына, ұйымдастырушылық құрылымдардың, плюрализмнің және жариялылықтың көптеген түрлерінің пайдасына саяси таңдау жасай алады.

Сонымен бірге заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану факторы жастардың сайлау іс-әрекетін басқарудың жаңа формаларын дамытуға ықпал етіп отыр. Сайлау алдындағы үгіт-насихат кезінде үміткердің, сондай-ақ оның командасының сайлаушылармен өзара іс-қимылы белгілі коммуникативтік үдеріс ретінде қарастырылып келеді.

Сайлау науқаны барысында байланыс үдерісі белгілі бір мақсатты топтарға әсер ету ретінде жүзеге асырылады. Партиялық тізімдер бойынша сайлау туралы айтатын болсақ, сайлау үдерісіне ықпал етудің бастамашысы ретінде үміткер алдымен саяси партия немесе қозғалысқа мүше болады. Елдегі президенттік немесе парламенттік сайлауларда елдегі ең ересек тұрғындары - ақпараттық әсердің мақсатты тобы болып табылады. Ақпаратқа әсер етудің бірнеше тәсілдері болуы мүмкін, олар: шешімдер қабылдау кезінде басқару жүйесінде қолданатын бастапқы деректер, жағдайды бақылау, сайлаудың даму үрдістерін және үміткерлердің, сайлау блогтарының әрекеттері алгоритмін құру, ақпарат қысымының әр түрлеріне қажетті қимыл мен жауап т.б.

Қазақстан үшін дамудың тұрақты демократиялық моделін таңдауда қоғамды еркін және құқықтық демократиялық үлгіде трансформациялау жолдары мен әдістерін іздеуде объективті шынайы ақпараттардың маңызы зор [7]. Ақпараттық әсер ету нысанында ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктер жергілікті әлеуметтік құрылымдарда, әлеуметтік желілерде айқын көрінеді. Қазіргі уақытта әлеуметтік құрылымы әлеуметтік үдерістерге тікелей қатысуға, өзін-өзі іске асыруға мүмкіндік беріп, оған жастардың санасында әлеуметтік маңызды бағдарларды қалыптастыру және қабілетті жастардың сайлау белсенділігін арттырудағы елеулі факторлардың бірі екендігі анық.

Қорытынды. Осылайша жастар саяси әлеуметтену үдерісі негізінде демократия нормаларын меңгеріп, либералды-демократиялық сана қалыптастырады. Саяси сана дәстүрлі құндылықтарды жаңғыртып, жаңа, қазіргі заманға сай келетін нормаларды қалыптастырады. Ескі құндылықтарды өзгерту және жаңаларын дамыту жастардың өзін-өзі дамытуға қабілетті, ақыл-ойы мен жан дүниесінің қарқынды жұмыс жасайтын бөлігі үшін де үлкен мәнге ие.

Жастар жаңа қоғамның жоғары құндылықтары ретінде бостандық пен демократиядан рухани және моральдық күш-қуат алады. Жалпы жастардың жастардың құндылық сана-сезімі әрқашан қайшылықты, бірақ одан оң нәтижелерді көру білуіміз керек. Жастар еркіндікті - өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі бекітудің қажетті шарты ретінде көреді. Жастар егде жастағы адамдарға қарағанда көбірек ашықтық танытады, бұл олардың әлемдік қоғамдастыққа неғұрлым табысты интеграциялауына мүмкіндік береді. Жастар өздерінің электоралды және саяси бағдарларына әрқашан еркіндік береді, ең бастысы олар шын патриоттар және Қазақстанның болашағына сенеді.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Бюлегенова Б.Б.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан жастары - 2018» Ұлттық баяндамасы. - Астана: ҰЗО Жастар, 90-бет.

1 2. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V «О государственной молодежной политике» (с изменениями от 13.06.2018 г.). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31661446#pos=282;-45

3. Сүлеймен Л.Ж. Жастардың электоралдық мінез-құлқы. //Саясат. - 2009. - №5. - 66-бет.
4. Жангазы Р. О параметрах политизации молодежи Республики Казахстан. //Analytic. - 2006. - №1. - 46-бет.
5. Кеңесов А. Электоралды мәдениетті теоретикалық-әдістемелік талдау негіздері. //Ақиқат. - 2009. - №8. - 19-бет.
6. Ромашов Р.А. Правовая культура молодежи и правовой нигилизм в молодежной среде. //История государства и права. - 2006. - № 2. 34-бет.
7. Мамытканов Д.Қ. Қазақстанда теледидардың рөлі мен маңыздылығына әлеуметтік талдау. //Евразийское сообщество. - 2011. - №3 (75). - 60-бет.

Бурамбаева Айгерим Сагантайқызы
Магистрант 2 курса кафедры политологии
ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
burambayeva@mail.ru
Нур-Султан, Казахстан

СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ КРИЗИС 2008 И 2020 Г.Г: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В статье рассматриваются основные различия между кризисами 2008г и 2020 г. Подробно описывается предпосылки их возникновения и какие результаты могут быть принесены в экономику. Следует отметить, что любой кризис ведет не только негативный окрас, но и дает большие возможности новым начинаниям и открытиям.

Annotation. The article discusses the main differences between the crises of 2008 and 2020. It describes in detail the prerequisites for their occurrence and what results can be brought into the economy. It should be noted that any crisis is not only negative in color, but also provides great opportunities for new beginnings and discoveries.

Ключевые слова: кризис, короновирус, COVID-19, вирусная инфекция, финансы, экономическая стабильность.

В большинстве стран мира еще не окончены карантинные меры, а эксперты, политологи и экономисты уже спешат подсчитать убытки и последствия, вызванные мировой пандемией.

В декабре 2019 года в китайском городе Ухань вспыхнул вирус, который впоследствии охватит весь Земной шар [1]. В 2020 году ВОЗ объявил пандемию, и вирус получил название – COVID-19, а сама болезнь – короновирус. Он затронул абсолютно все сферы жизни людей – от торговли, до строительства, от туризма до полного закрытия государственных границ. Безусловно, что мировому сообществу еще предстоит подсчитать ущерб, нанесенный короновирусом. Но уже сейчас можно сделать некоторые выводы, - государства очень сильно пострадали, остановились производства, закрыты границы. Можно сказать, что экономика «обнулилась». Правительства разных стран предпринимают очень серьезные меры для того, чтобы не произошло распространения вирусной инфекции. Существуют два пути предотвращения:

1. «Китайский». Этот метод подразумевает полную изоляцию населения, остановку движения общественного транспорта и закрытию целых городов на карантин. Это достаточно жесткий метод, но он помог КНР достаточно быстро снять ограничительные меры, и приступить к нормализации жизни внутри страны. У ряда стран Запада, в том числе и у США, а также ВОЗ имеются серьезные вопросы к руководству КНР. Официальная их позиция - Китай скрывает, и продолжает скрывать истинное число заболевших и умерших.